

Н.Саргожаев

63.

1

C -A 3L

Нұрсадық Сарғожаев

Бөлек батыр

(тарихи-танымдық хикаялтар)



Алматы „Рауан“ 1998

**ББК 63.3 (5 каз)
С 22**

**Сарғожаев Н.
С 22 Бөлек батыр (Тарихи-тәнүмдүк хикаяттар). — Алма-
ты: „Рауан“, 1998. - 128 бет.**

ISBN 5-625-03876—7

Туган елі мен ескен ортасына аса қадірлі, қымбат ірі тұлғалар болады. Сондай аруақты, атакты кісілер Талғар еңірінен де аз шықпап. Олар — Бөлек батыр, Байторы баба және Тұрар Рысқұлов.

„Бөлек батыр“ атты тарихи-тәнүмдүк хикаят сол бабалар өмірінің рухы үрпақпен сабактастығы хақында сыр шертеді. Кітап туган елдің еткенін тәнүп-білу, ата-баба ерлік істерін қастерлеу жөнінде ой қозғайды.

ББК 63.3 (5 каз)

**С 4702250204—026
404(05)—98 қосшешім — 98**

ISBN 5-625-03876—7

© Сарғожасев Н., 1998

KIPIСPE

Өркениетті елдер өз тарихын жүйелі, түптең зерттеп, үрпақтан-үрпаққа жеткізіп отырған. Сондықтан да олардың қалыптасып есу, өркендеу тарихы туралы жазбалар ықылым заманнан сақталып келген және жалғасып, жазылып отырылған. Мұның өзі үрпақтан-үрпаққа жалғасып, елдің бірлігі мен ынтымалын арттырып, жастардың рухын өсіріп, сүйіспеншілігін күштейткен.

Ал біздің қазақ халқының, Қазақстанның тарихына келсек, ол жайында ауыз толтырып айттар жүйелі жазба дүние шамалы. Оған жазба әдебиетінің кеш дамығанын сұлтауратамыз, жетпіс жыл бойы тілімізден, өз тарихымыздан шеттеткен Кеңес өкіметінің саясатын көлденең тартамыз, себеп-салдар етеміз.

Откенде тарихшыларымыз енді жаза бастады. Ол алдагы кезде әрі қарай жазыла, толыса бермек.

Мәселен, осыдан екі жарым ғасыр бұрын гүмір кепкен шапырашты Бөлек батыр туралы Қазақ Совет Энциклопедиясы онынды томының 51-бетінен мынаны: „Сатайұлы Бөлек (1700—1785) — 18-ғасырдың 1-жартысында жонғарларға қарсы қурескен Наурызбай батырдың мың басы. Іле Алатауының қойнауындағы Түрген өзенінің бойындағы Ақши деген жерде туған. Шапырашты тайпасының асыл руынан шыққан. 1729 жылдары Жонғар ханы Аңырақайды (қазіргі Жамбыл облысындағы Аңырақай аталатын тауда) жекле-жекте өлтірген. Бөлек батыр бастаған қазақ жасақтары 1750 жылы жонғарларды Түрпеннан асыра қуған” деп оқимыз.

Шапырашты Қазыбек бек Таусарұлы XVIII ғасырда әмір сүрді, артындағы үрпағына үлкен мұра жазып қалдырды. Ол — „Тұп-тұқияннан өзіме шейін” атты кітабы. Бұл кітап — „Жалын” баспасынан 1993 жылы Қазыбек бектің шөбелегі Балғабек Қыдырбекұлының дайындауымен жарық, көрді. Кітаптың түпкі негізі — 1776 жылы жазылған. Осы тарихи еңбекте де Бөлек ба-

тыр жайлыш біршама мағлұматтар айтылады, ел аудынан ертеде естіген оқімс-аңыздарды айқындаиды.

Қазақ батырларының соғыс әдістері айырықша болған. Мәселен, „Каша ұрыс салу”, „Екі ата соғысы”, „Уш тоғыс соғысы”, „Жеке-жек соғысы”, „Жүре соғыс”, „Үлкөр жәрік”, „Ошақ соғысы”, „Ай қорналанды соғыс”, „Коян қашты жасау соғысы”, „Қозин-қолтық соғыс”, „Аламан соғыс”, „Дада соғыс”, „Хилар соғысы”, „Шұбыртналы соғыс”, „Ұрыс соғыс” деген секілді соғыс әдістерін әрбір батыр жете итерген, сондай-ақ әрқайсысының жеке өзіндік тәсілдері де болған. Мәселен, Сатайұлы Бөлек батыр бірде ат бауырына кіріп, бірде қиғаштай жатып візіне шоқпар дарытпайды екен.

Сарбаздар ішіндегі Сатай да, әке жолын құған Бөлек те батыр атаңды. Жауына ат ойнақтатқан Бөлек батыр тұлпарының ізі қалған жерлер — Қаскелен, Шамалған, Боралдай, Қараш, Матай, Малайсары. Белшабдар — күні бүтінге дейін солай аталады. Бұл жерлерде тастан үйілген тәбелерді кездестіруге болады. Есік қаласының маңындағы сол тәбелердің бірінен алтын күімді адам қацқасы да табылды. „Еңбекшіқазак” ауданының „Асы” жайлауына баратын жол бойындағы Сарымсақты жазығында биіктігі бір метрден асатын адам кейінші тас мүсін әлі мелшиіп тұр. Ары-бері өткен жолаушы оған ат басын бұрып, бір сәтке болса да, аялдайды.

Талғар ауданына қарасты „Кербұлақ” қыстауының күнбатыс жағы — Малайсары асуы деп аталады. Балқаш ауданы жақтағы сол таудың биік жотасынан басталатын бастау бар. Бір ғажабы — суы қыста жылы, жазда салқын. Тастан үйілген қорымды жүрт Малайсары батырдың жатқан жері деп, сондағы баканға ырым етіп ақ, шүберек байлайды. Малайсары үрпағы өз бабасы жайында енді-енді білуде. Бабаның жатқан жеріне барып, құрбан шалып, құран оқиды, алдағы уақытта арнайы ас беру жағын ойластыруда.

Осы Іле Алатауының Малайсары және Шоқпар деп аталатын сілемдері шығысқа қарай созылып жатыр. Наурызбай, Бөлек батырлардың аттары дүбірлеткен өңір бұл.

Бөлек батырдың дұлығасы мен сауыты екі жарым гасырдан бері сақталып келеді. Көрем деушілердің Есік қаласындағы Жылқыбаева Сақыл апаниң қара сандығындағы тарихтың сол күесімен танысуларыңа болады. Үрпақтан-үрпаққа беріліп келген бұл мұра кешеге дейін жасырын сакталды. Бөлек батырдың кіндік қаны

тамған Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының „Ақши” ауылы қазір „Бөлек батыр” акционерлік қорамы деп жаңаша аталып, қайта жаңғырығыш отыр.

Осы өңірді басып өтетін атақты „Жібек жолы” бойы түрлі тарихи мұраларға аса бай. Осы „Жібек жолы” бойында Алматы облысының Кербұлақ ауданы, белгілі Сарыөзек темір жол стансасы, Алтынемел асуы бар. Бұл аймақта Ұлы жүздің дулат, суан тайпалары кездеседі. Ата-баба тарихын Қозғай қалсақ, олар: „Бұл атамекен, негізінен шалыраштының, оның ішінде теке руының жері екен. Енші бөлгендеге Теке бабамыз бұл жерді бізге қалдырыпты да, өздері Алатаудың етегіне көшкен. Теке слі — Еңбекшіқазақ, Талғар, Шелек аудандарында. Ал Текенің бауыры Төлеміс Қаскелен, Жамбыл аудандарында турақты тұрып қалған”, — дейді.

Теке руынан шыққан Бөлек батырдың, әулие, әрі батыр Байторы бабаның, көріпкел, қасиетті ана — Қоянкөз апаның күмбезі де осы жақта. Талдықорған жақтағы суан, дулат рулары олардың қабіріне әлі бас иіл, аруағына табынады, сыйынады. Сендердің атақты бабаларың осында деп, солардың көрсетуімен 1996 жылды Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарындағы теке руының үрпағы өздерінің Байторы бабасына екі облыс болып бірігіп, ас берді, үлкен күмбез салып, ескерткіш орнатты, “Байторы баба” қорын жариялады.

Біз — аруақтарды сыйлаган, бабаларын құрметтеген, елін, жерін мақтан тұтқан халықпаз. Осыдан екі-үш ғасыр бұрын жасаған, жонғар шапқыншылығы кезінде елге қорған болған батырларымызға әр жерде, өз үрпактары ас беріп атап өтсе, кешегі Қеңес өкіметі кезінде бүтінгі егемендікті аңсап, жеке Түркістан өлкесін, Түрік Республикасын құрамыз деп тоталитарлық саясаттың тоғына түскен Тұрар Рысқұлов секілді ірі қайраткер арда-геріміздің жүз жылдығын бүкіл республикамыз тойлады.

Сол Тұрар Рысқұловтың енбегі, оның Қашан атылғаны, қайда жерленгені беріге дейін жасырын, құпия үстады. Тұрар сүйегі Мәскеу түбіндегі зираттан өз Отанына, өз елі, өз топырағына 1995 жылы әкелініп, қайта жерленді. Арада 57 жыл өткен соң, Тұрардың 1937 жылы шілде айында тұрмаден қызына жазған жан тебірентерлік соңғы хаты табылды.

Сөз соңында айтарымыз — ата-бабаның ерлік дәстүрінің алтын тамырларын тарих қойнауында қалдырып қоймай, қажеттімізге жараты берсек, нұр үстіне нұр құйылыш, мерейіміз үстем бола бермек деу.

БӨЛЕК БАТЫР

Қазақ Совет Энциклопедиясында айтылған жайға қосымша түсінік берер болсақ, Ақши ауылы — Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында. Еңбекшіқазақ ауданының „Есік“ жүзім кеңшарында „Бөлек“, Киров атындағы кеңшарда „Сатай“ атты бөлімшелер бар. Тұрген өзені — о баста Тұргеш батырдың есімімен аталған. Келімsectердің осы өзен бойына жаппай қоныстануынан, Тұргеш біртіндеп Тұрген болып өзгерген. Бұғінде аудан орталығынан кейінгі ең үлкен елді мекен — осы Тұрген селосы. Ал Аңырақай — жонғардың атақты батыры болған. Жамбыл облысындағы бұл жер бұрын Далатай деп аталатын, адырлы кең жазық.

Сатай — шапыраштының отыз тоғызынышы үрпағы. Ол Шамның үш баласының ішіндегі Желдіден тарайды. Желдінің Асыл деген баласынан — Байбағыс, одан Батыр, одан Көрпе, одан Теке, Текеден — Дүғай, одан — Бұғы, одан — Қодар, одан — Сатай. Сатайдан — Қара. Қарадан — Бөлек.

Бөлектің Сатайұлы деп аталуы — кейбір шежірешілердің айтудынша немеренің үлкені болып, атасының тәрбиесінде болғандығынан Сатай. Қара Бөлек үрпағы осы Ақши аулында. Қазірде сол ата-мекеннің байырғы тұрғыны. Ендеше әңгіме төркінін Бөлек батыр туып-өскен өлке, киелі топырақ — Ақшиден басталық. Бұл таудың да өз тарихы, өсу, өзгеру, дәуірі бар. Артель болды, колхозға бірікті, одан совхоз атады, қазір акционерлік қоғам.

Алматыдан шығысқа қарай тартатын Құлжа жолы Еңбекшіқазақ секілді бірнеше ауданды басып өтіп, Қытай еліне бір-ак тіреледі. Еңбекшіқазақ ауданындағы Ақши аулы осы Құлжа жолының сол жағына орналасқан. Қазақи үлкен елді мекен. Шапыраштының асыл руына жататын теке елінің көп шоғырланған ата қонысы. Теке елінің Сарыбай, Қара, Ырысбай, Шака деп атала-

тын төрт баласының негізгі үрпағы атам заманнан осында.

Ертеде Жаман, одан кейін Құым болыс болыпты. Сол болыстарға бағынған ел Кеңес әкіметінің алғашқы жылдарында бір орталықта бірігіл, артель қурады. Одан кейін ірілене келе, Мирзоян, Голощекин атындағы колхоз атанады. Екінші дүниe жүзілік соғыс жылдары Каганович атындағы колхоз болады. Колхоз аты өзгере бергенімен, негізгі төркіні Ақши аулы деген ат сакталып отырган.

Шығысқында шапыраштының бір тұқымы қошқар елі қоныстанған „Қазатком“ колхозы, батысында шыбыл елі шоғырланған „Қайрат“ колхозы. Шыққан тегі, ескен ортасы бір бұл үш елдің үрпағы жеті атадан асып, бертін қыз беріп, қыз алысатын, той-думаны бірге дүркіретен көршілес ауылдар.

Мұндай елдің бірлігі берік, берекесі мол болатыны бесенеден белгілі ғой. Барымта, тентек шоклар, жесір немесе жер дауы дегендер болмайтын. Ара-тура кездесіп қалатын тентектерін тежейтіндер де, олардың жон терісін сыйыратындар да өздері. Сондықтан „Кол сынса, жең ішінде, бас жарылса, берік ішінде“ болып, басқаларға білінбейтін.

Осылай ауыз бірлігі ажырамаган үш колхоздағы үш атандың баласы ел ағасын өз іштерінен колхоз басқармасы етіп өздері сайлайтын. Соған бағынатын, соны пір тұтатын. Мәселен, қошқар елі топтасқан „Қазатком“ колхозын Бастаубай Қария басқарса, шыбылдар тутін тутеткен „Қайрат“ колхозын Түрікпен ақсақал, ал Каганович атындағы колхозды Байжұніс Жұнісбаева апай көп жылдар бойы басқарды.

„Қайрат“ колхозы мен „Қазатком“ колхозының ортасындағы Каганович атындағы колхоздың (Ақши аулы) үлкен елді мекен екені бірден білінетін. Отау үй секілді, оқшау көрінетін. Жиын-топыр көбіне осында. Төрден конак, белдеуден ат үзілмейтін. Эр шаруашылық өзінше колхоз болғанымен, ауылдық кеңес — біреуғана. Ол бәріне ортак. Үш колхоздық ауылдың Кеңесі — Ақши ауылдық Советі деп аталатын. Ол осы Каганович атындағы колхозда орналасқан.

Каганович атындағы колхоз басқармасының төрағасы Байжұніс Жұнісбаева болса, Ақши ауылдық Кеңесінің кейінгі төрағасы — Наурызбай Жылқыбаев. Екеуде осы ауылдың тұлегі, осы елдің азаматы. Осылайдағы ырысбай, сарыбай, қара, шақа болып білінетін төрт ата —

Қара мен Сарыбай балалары. Байжұніс Жұнісбаева — сарыбай да, Наурызбай Жылқыбаев — қара. Ағайындың екі атандың төл перзенті. Бірі — колхозды басқарса, екіншісі — ауылдық, Қеңесті басқарды.

Байжұніс Жұнісбаеваның колхозды қалай басқарғаны өзінше бір әңгіме. Көш бастайтын ер азаматтар жоқ емес, бар-ақ. Алайда Байжұніс апайдың сліді басқаруы — өзінше жыр, дастан. Байжұніс Жұнісбаева — бүтіндер көнепің тірі көзі. Тоқсанға аяқ басқан Байжұніс асылдың сынығы әлі тірі. Ол кісі — ағаш түрган шешен, отызыншы, қырқыншы жылдардағы колхоздасу тарихын бастан атқарған тірі шежіре. Заты әйел болғанымен, ер туғалы. Сұңғақ, бойлы, қызыл шырайлы, сөзге шешен кісі. Сүйегі ірі, әрі қатулы болғандықтан болар ауылға алғаш келген жалғыз тракторды жүргізуға сол кісінің ғана жүрегі дауалаған. Алғаш көрген трактордан айнала қашып, алыстан торуылдаған ауылдың ер азаматтары оны жүргізбек түрмәк, дауысынан шошып, таңданысынғы. Қараңғы халыққа трактор таңсық қана емес, бастапқыда үрек болып көрінген. Оны жүргізуге ер азаматтар жүрексінген соң, қаралайым колхозшы, осы Байжұніс, етегін белге бұып, тракторға взі отырады. Бастапқыда үрке қашқандар кейін әуелі өсек таратқан. Байжұніс апайдың ері Қазбекке: „Әйелің ата дәстүрлі аяққа басты. Әйелдің ер азаматтарды аттап кетуі — күпірлік. “Байтал шауып бәйге алмас” деген, әйел адам тракторға емес, әуелі атқа отырып, ермен тебіңгі теңестіру қай атанда бар. Бұл бізді басынғандық” — деп, намысы қорланғандар қызғаншақтық білдіріп, наразылық, айта бастаған екен. Оларға Қазбек қарт көнбепті. Табиғатынан сабырлы, аз сейлеп, көп тыңдайтын ол кісі әйелінің трактор жүргізуіне еркіндік беріп, бетін қақпайды. Елдің сөзін, өсегін жүре тыңдал, көбіне іштей пішеді екен.

Әйел адамның тракторды менгеруі ауылдан ауданға жетеді. Ауданнан облысқа, тіпті республикаға үлгі болып тарайды. Колхозшы трактористі дәріпттеушілер келіп, көрушілер көбейеді. Баспасөз қызметкерлері трактор жүргізген әйелді барлық жерге дәріптейді. Депутат болып сайланады. Табиғатынан сөзге шешен әрі пысық, әрі шалымды да алымды әйел енді депутат Байжұніс атанды. Сауаты шамалы болса да, көкірегі ояу ол жоғары мінбеден сөз маржанын талай төгілатіп, еткірлігін мұнда да танытады.

Ол осылайша Каганович атындағы колхоз

басқармасының төрағасы болып сайланады. Эйел адамды билікке көтергендегі үкімет саясатына кім қарсы болсын. Эрі өзі жаңып тұрған от, өткір болса. Бір басына атақ та, абырай да қонады.

Трактордан атқа қонған төрана колхоз шаруашылығын қалыптастырып, еңбек адамдарын үйымдастырада, басқара да біледі. Колхоздың негізгі кәсібі — темекі өсіру.

Темекі — техникалық дақыл. Пайдасы мол. Бірақ бейнеті көп. Колхоздың қойы, жылқысы, ірі қарасы және бар. Жер жетеді. Тек бағымын тап.

Колхоз дәuletін арттыруда, әрине, әрқайсысының өзіндік үлесі бар. Мал фермасын Жұнісбек Ошақбаев басқарса, темекі бригадасын Емберген Рақымқожаев, азын-аулақ қекөністі Нұртай Жаманов басқарған. Колхоз дәuletінің кіріс-шығысын кенседе тапжылмай отырып Бұғыбай, Әмір, Қазбек секілді бухгалтерлер есептесе, ауыл шаруашылығының басқа кіші-гірім саласын Сәдуақас Оғатаев, Байжігіт Нұсілахметов, Кәшке Байболов, Бекетай Шотбаевтар алақанда ойнататын. Қоймашы Камал Қадірбаев та өз ісіне пысық, артық жүріс-тұрысы жоқ, бірге еді.

Ауылдың аяғы ылғалды әрі құнары мол, майда қаратопырақты. Сепкен дәнің, қадаған шыбығың өседі. Мұңдайтпас аймагы, Жаманның қалың сарталы, Шыбықтының ат бойынан биік ақ шиі, Жарсудың жағасы деп жер аттарын атап отыратын. Жер ананың қадірқасиетінің жорары болғаны соншалық, ауыл аяғындары қалың қамыс арасы күндіз-түні қиқулаған құс, әрбір ши түбінен бытырай қашқан қоян, шоқақтаран қызыл қыргауыл дейсіз бе, аттап басқан сайын айналаң толы аң мен құс. Құс пен аң еті ол кезде ешкімге таңсық емес. Бүркітін сол қолына қондырған аңшы Дәүлетбек алдынан ауыл баласы қанжығадағы қызыл түлкіні көрүте қызыға шығатынбыз. Шешелеріміз үй әктеуге төмендегі сай қабағынан бордай аппақ, әкті қоржын толтыра қазып алатын. Мал жарасын құрттауга кек тотияйын да шенгел түбінен табылатын. Қалың бұлдіргенниң қасиетін кім білген. Алматыдан арнайы іздел келген орыстар шелек-шелек толтыра теріп алатын-ды.

Ол уақытта шабындық жоқ, мал азығы дайындалмайтын. Төрт түлік қыс бойы өріс қуалап, жайылып жүретін. Арасына кірсе, атты кісі адасатын қалың ши. Оның түбі тұнған от. Жазда жайлаудан семіріп түсетін мал қыста осы шидің арасын ықтап, түбін қардан

тебінде, жайыла беретін. Жазғы қоңын төмсілдепеген саулықтар қыста төлдей бастайтын. Кепе қозылары көктемде сойымға жарайтын. Асқар ата мал дәрігері болса, Жұмаділ Тасанов есепші, әрі колхоздың тексеру комиссиясының төрағасы. Рақымбай Мұңайтбасов, Оқас Шалтабаев, Әлімжұжа Қошықбаев, Нұрсұлтан Қошықұлов шопан, Сәбек, Ран, Ораз сынды жылқышы, Мәлке, Нұқымбаев Оқас, Нұртайлар бақташи.

Егістік жер ат соқамен және жалғыз трактормен-ақ жыртылатын. Колхозшылар еңбек күнге астық алатын. Оғатай сазы мен тастақтағы қызыл қырман астыққа толатын. Бәйкен аға — қырман меңгерушісі. Егеубай, Досым, Ешмұханбет, Әлімжан, Молдабай — дікән. Қырмандағы астықты тау жақтан соққан сар желге сапырып, таңға жүреді. Колхозшылар арба-арба астықты диірменге тартырып, қарық болушы еді.

Әкеміз: „Біздің жер — Шыбықты, одан аргысы Шенғелді, одан кейін Алтынемел, Шаңқанай. Оңда Қоянкөз апамыздың, Байторы бабамыздың, Бөлек батырдың қабірі жатыр. Негізінен, біздің ата мекеніміз — Талдықорған облысының {бұрынғы} Алтынемел, Шаңқанай аймағы. Ертеде ата-бабамыз өзінің дулат, суан інілеріне енші болғанде, осы аймақты соларға қалдырыпты да, өздері Алатау бектеріне көшкен. Содан біз осы жақты жерсінгенбіз. Текенің ағайындас бауыры Төлеміс — Қаскелен, Жамбыл ауданында. Біздің ата-бабамыздың кебісінің жатқан жері мен тең ортадағы Кербұлак, ауданынан басталып, Алтынемелден асады.

Қоянкөз апамыз, Домалақ, ене секілді, ел бірлігін, амандағын, абысын татулығын сақтаған, дастарқан берекесін кіргізген тапқыр, киелі кісі екен. Ал Байторы, Тайторы бабаларымыз көріпкел әулие, қасиетті кісі болыпты. Сатай батырдың баласы Бөлек бабаларымыз ат белінен түспеген баһадүр батыр екен. Бөлек қабірі бұрынғы Талдықорған облысының Алакөл ауданы маңында болса, ал оның сауыты мен дұлығасы үрпагы — Наурызбай Жылқыбаевтың үйінде. Кеңдің қарашығындай сақтаулы”, — дейтін. Әкеміздің айтуы, нұсқауы бойынша, бала кезімізде талай мәрте барып көргеніміз бар.

Наурызбай ағаның соғыстан жаңа келген жігіт шағы. Сері кезі. Соған сай аңқылдаған ашық. Сөзі де өткір. Ер тұлғалы, иықты. Ат жақты, өні сарғыш. Батыл сейлеп, еркін жүретін. Үні жаңғырығып, жарқын шығатын. Таза киінетін. Бір қасиеті — аттың дүлділін таңдалап мінетін.

Жамал, Сақып деген қарындастары және Мұстафа атты інісі — бәрі бірге тұратын. Бұрынғы үйлері колхоз орталығында. Ертеде салынған шатырсыз екі-ак, бөлмелі соқпа там. Кейін ауыл шетінен ағаштан салдырды. Қызыл темір шатырлы, еңсөлі үй ерекше көрінетін. Соғыстан „Қызыл Жұлдыз“, „Даңқ“ және тағы басқа орден, медальдармен оралған Наурызбай аға ол наградаларды көп тақпайтын. Өйткені қызығуга, мактандыруға жоқ кісі. Көбіне тұра сөйлеп, түзу жүретін. Бет-жүзің демей шыныңдықты айтып, әділлікті, әділ төрелікті қалайтын. Эрі сауатты, көзі ашық, орысша мен қазақшага бірдей. Соңдықтан болар оны Евгеньевка-Моловодное ауылдық Кеңесіне бірден төрага етіп сайлады.

Евгеньевка-Моловодное ауылдық, Кеңесіне аудандары ең үлкен бірнеше шаруашылықтар қарады. Ол жердің байырғы аты — Атамқұл. Сырттан келімсектер көбейіп, қазақтың шұрайлы жерлерін солар иемдене бастаған соң, атамқұлдықтар тау бектеріндегі Балшабдар мен Қаракемерге көшіп, одан ары тау ішіндегі Таутүргенге сұғынған. Атамқұл аулы, сейтіп, түгел орыстанған. Ол Евгеньевка және Моловодное колхоздары атаңды. Кейін екі колхоз ортасына сталиндік саясатпен жер аударылған шешендер және түріктер жалаң аяқ, жалаң бас көліп келіп, жыртық шоқаймен қоныстанады. Екі шаруашылық арасы бірер жылда бірігіп кетеді. Елуінші жылдары екі колхоз іріленіп үлкен „Гигант“ совхозына айналды. Әлі де солай.

Отызыншы, тіпті қырқыншы жылдары орыс ауылын қазақ, азаматтарының басқаруы некен-саяқ, сирек кездесетін. Орысша мен қазақшага бірдей Наурызбай Жылқыбаев Евгеньевка-Моловодное ауылдық, кеңесін басқарып, көбіне ақалтеке арғымақ мініп, елден ерекше, дара көрінетін. Ол заманда қазіргідей женіл автокөлік жоқ. Қолы жеткендер ғана жүйрік атқа ие.

Наурызбайды көбіміз аға дейтінбіз. „Ақшиде“ тұрып, „Гигантта“ жұмыс істейтін. Ол кісінің інісі Мұстафа бізбен қатар. Ол да ағасы секілді аңқылдақ, ашық, әрі бауырмал. Жастайынан техникаға құмар болды. Украинада әскерлік міндеттін өтеп журіп, орыс қызымен танысады. Сол қызды ауылға әкеліп, ислам дініне кіргізеді. Сейтіп, қазақи ауылдың үстіне кең етек көйлек киіп, басына орамал тартып, сиыр сауатын, жапа наң жабатын келіндерінің бірі болды. Бір жылда-ак қазақша үйреніп, „орыс келін, сары келін“ атанады. Жылда бала тауып, ауылдың женіл ауыз келіндерінен озып кетеді.

Сол Мұстафага ілесіп, бала кезімізде үйіне талай мәрте барғанымыз бар. Шешесі марқұм ағаш тоостаған то-лы айран ұсынатын. Дастанқанына жүгерінің ұнышан жа-былған, үтілген наң, сықпа құрт шашып ішіп жемесіңе қоймайтын. Біз тамақ үшін емес, Бөлек батырдың сауыты мен дұлығасын көргө келгенімізді сездіретінбіз. „Ен-деше биссимиланы айтып, бабаларыңың аруағына бағыштайык!“ дегі, құран оқитын еді.

Батыр сауыты мен дұлығасы түлкі болменің сол жақ бұрышында ілулі тұратын. Қасиетті киімді шаң-тозаңдан қорғаған болар, беті ақ матамен жабулы болушы еді. Сауыттың астары жасыл шүліш-тін. Садақ оғы тесіп өте алмайтын сауыт аса сұсты көрінетін.

Бөлек батыр бабамыздың сол дұлығасы мен сауытын талай мәрте көзбен көргенімізben, көбіне оның тарихын, қасиетін сұрамаппайыз. Дастанқан басында, анда-санда ол кісі жайлы айтылатын үзік-үзік әңгіме ертек секілді көрінетін. Қоянкөз ана, Байторы, Тайторы, Бөлек, Сатай батырларды некен-саяқ естүмен ғана есімдерін көңілге сақтаппыз. Қоянкөз аナンЫң атын келіндері тұра атамай, „Шымдаған ене“ дейді екен. Қазақтың енесін сұйлаған көргенді келіндерінің сондағы ибалығын енді түсінудеміз. Экеміз „қызым саған айтамын, келінім сен тыңда“ дегендей, дастанқан басында келіндерге осыны мысал келтіруінің де төркінін енді ұғынудамыз. Ауылдың қырқыншы, елуінші жылдардағы тарихын көзбен көріп, оған тікелей араласқанымызбен, одан аргысын ауыз толтырып айта алмаймыз. Көбіне елден естіген „естеліктерді“ еске түсіреміз.

Бүтін біз егеменді ел қатарына қосылған, тәуелсіз мемлекетіміздің тарихын, мәдениетін, экономикасын қайта тұлетуге жаңа кіріскен жас елміз. Ішкі және сыртқы саясатымызды дербес жүргізе отырып, басқа да-мыған өркениетті елдермен тереземіз тең болуын қалаймыз. Эрине, әр жылдың ғасырға пара-пар кездері бар. Халқымыздың тарихына алтын әріппен жазылған нелер оқығалар кеп-ак. Жетпіс жыл ішінде, шынын айтсак, әз ата-баба тарихымыздан хабарсыз болыптыз гой.

Халқымыз жеті атаны білу парыз дейді. Орынды сез, Руынды біл, бірақ руға болінбе! Имандылыққа кел. Салтынды, тілінді қадірле. Дініңнен безбе. Бұл да аталы сез. Ас беріп, аруақтар алдындағы борыштымызды өтеу арқылы — солардың аруағынан қуат алудамыз. Осының бәрі дәуір ағысы, тарих тағылымы.

Аруақ разы болмай, тірі байымайды, — дейді. Сонда

біз табынар аруақ, кім? Ол — осынау киелі жерді қорғаған, оны бүтінгі үрнаққа аман-сау, талатпай жеткізген ата-бабамыз. Ендеше сол ата-бабамыздың еңбегін бағалау, өситетін орындау — бүтінгі үрнақтың төл міндеті.

Солардың бірі — Сатайұлы Бөлек батыр дедік. Эңгімемізді батыр бабамыз Бөлектің тегін, шыққан жерін таныстырудан бастауды жөн көрдік. Кезіндегі ауылдағы оқыған бетке үстар қауым — мұғалімдер дедік. Рас. Біздеңі сол мұғалімдер ішіндегі мыңдан бірі — Қали Нұсінов. Зерек, ауыз әдебистін жатқа шертер шежіре. Қағылезді Қали — бүтіндер еңбек ардагері, зейнеткер. Шаригат пен құранды жаратылыстану пәнніңдегі жатқа айтатын ақсақал. Ол кісі Бөлек батырдың шыққан тегін, тарихын, оның бүтінгі үрпақтарын былай әңгімелейді.

— Сатайұлы Бөлек батырды Ұлы жүздің ішіндегі шапырашты тайпасына жатқызамыз. Шапырашты баласы — Шам. Шамнан — Малды. Желді тұған. Желдіден — Асыл. Асылдан — Қорғап мен Өмір тұған. Қорпеден — Теке, Төлеміс, Құлан, Жанай. Соның ішінде Текеден — Дәүлетбай, Сатай.

Дәүлетбайдың да, Сатайдың да тұқым-тұяғы Еңбекшіқазак, ауданындағы бұрынғы Тұргеш қазіргі Тұрген өзенінің бойында. Өздерін Тұргендегі теке еліміз дейді. Өйткені, Текенің ағайындағас бауыры — Төлеміс Қаскелен, Ұзынағаш жағында.

Теке елінің үлкен шаңырағы, яғни отау үйі, Бөлектің кіндік қаны тамған торқалы топырағы Ақши ауылы соңғы жетепіс жылдың жетегінде бастан не атқармады десенізші. Ауыл аты қаншама өзгерді. Бөлек батыр заманындағы жонғарлармен ұзақ жылды соғыс халықты бір есенгіретсе, Кеңес кезіндегі екінші дүниежүзілік соғыс тағы бір есенгіретті. Боздақтарынан айырылған ел еңсесі күйкі тіршілікпен көпке дейін бой жаза алмады. Соғыс зардабы жиырма-отыз жылға созылды. Қалпына қайта келген халықтың алпысыншы жылдардан бастал, түнгі үйқысы күндізгі бейнеті тыныштала бастады,

„Казатком“, „Қайрат“, Каганович атындағы колхоздар бірігіп, іріленді. Үш колхоз енді „Жарсұ“ совхозы атанады. Қой малы 80 мыңға жетті, табын сиыр үш фермаға бөлінді. Қол күші тек техникаға ауысты. Соңдықтан жылды малы азая бастады. Тонналарған астық, ет, сүт мемлекетке еткізіліп жатты. Бір кездегі темекінің орын жүзімдік алқап алмастырды. Оның да өнімі мемлекетке кетіп жатты. Дегенмен, ауыл отызыншы жылдармен са-

лыстырганда адам танымастай өзгерді. Жер тамынц, соқпа үйлердің журнағы қалмады. Сәулетті сарай, еңсөлі үйлер, көп қатарлы ұзын мектептер ауыл ажарын аша түсті.

Алайда, қазақша оқу арнасы тарылып, балалар орынша оқуга ауыса бастады. Өмір ағымының бұл бағытына тосқауыл болмады. Өйткені коммунистік партия саясаты жаппай орыстануға бейімдең тастаған еді. Жұмабай. Тұймебай, Жомарт жүргізетін ХТЗ кішкентай тракторлары К-700 пен КамАЗ-та ауысты. „Жыл қорытындысын миллиондаған табыспен аяқтадық“ деп, „Жарсұ“ совхозының жар салуы облыстан тыс жерлерге тараң жатты. Төрт атаның баласы сүттей үйыған ауылға орыс, үйғыр, түрік, шешен, әзіrbайжан, грузин, армян, неміс дейсіз бе, 14 ұлттың өкілі араласты. Келімсектердің көптеп келүнен төрт ата үрлағы қазір де шешіліп, әр жерден бір үшырасады.

Энциклопедияда дұрыс анықтама берілгендей, Жаман колхоздастыру кезінде де ел билеген. Қаранды халықты басқару, билеу, басын қосу, албетте, оңай смес екені бесенеден белгілі. Бірақ коммунистік партия саясаты баймен болысты қаралап, әділдікті көле-көрне аттап кетті. Жаман ауылының журнағы әлі бар.

Ауыл аяғында қалың өскен Жаман ағашын жылда шауып алып жатсан да, терең тамырлы түбінен сары шалқиіздей қаулап шыға береді. Осыдан-ақ, ата мекеннің шүрайлы, қасиетті, толырақ екенін анғару оңай.

Ауыл азаматтары ат тізгінін тәуелсіздіктің туын тіккелі бері ғана еркін қолға алды. Олар ауыл жүртшылығымен ынтымақтаса, ауыз біrlігін нығайтуда. Ауыл азаматтары „Қазақ, тіл“ қоғамы бастауыш үйымымен және ауылдағы „Ардағерлер кеңесімен“ ақылдаса отырып, ұмытылуға айналған ата салтымызды қайта жаңғыртуда. Көшілік арасында игілікке үйітқы болып, көш бастаған мұндай азаматтардың ісін халық қолдап отыр.

Ауданда бірінші болып 1993 жылдан „Ақши“ ауылдық кеңесі жиналыстарда қазақ тілінде сөйлеуте толық көшті. Бұдан олардың жұмысы жаңданбаса, ақсамады. Қайта көптеген өзекті мәселелер қайта қаулап, әрі онды шешімін тапты. Оны ауылдық кеңестің тоқсаныншы жылдардағы төрагасы Сейітхан Куанышбаев орынды көтерді, өз билігі ауқымында(шенберінде) көп дүниені іске асырды. Эр ауылдың төрелік айтар, қалың жүртқа қалқан болар сыйлы азаматтары бар емес пе. Көш бас-

тайтыны сол ауыл ағалары — Нұрбала Мәнжуов, Аманбек Қырқабақов, Сатан Танысқұлов, Накысбек Рақымқожаев, Сәбит Қадров, Махмұт Аңдасбаевтар құт мекендеріндегі тарихи негізі жоқ, көп көшениң аттарын өзгертсек деп үн көтерді. Бұл бастама ауылдағы жүргішліктың жалпы жиналысында, сол кездегі жергілікті қеңестің сессиясында қаралып, сегіз көшеге жаңа атаулар берілді.

Соның қебін тізе бермей, Күндік Дөненбаева атындағы жаңа көшени мысалға келтірелік. Ақши ауылдық қеңесінің алғашқы тәрағасы болған Күндік Дөненбаева және оның үрпақтары — осы күнге дейін осы ауылдағы өнегелі отбасылар. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өз қаржысымен әскери үшақ жасатуга 110 мың сом аударған анаға кезінде И.В.Сталин арнайы телеграмма жолдап, рақметін білдірген-ді.

Күндік апанаң үйінің орны сол қалпында. Өзі тұрған көшени сол кісінің атымен атауды ауыл азаматтары өтелген бір парызымыз деп есептеді.

Елі мен жері үшін жоңгар шапқышылығында қаһармандық көрсеткен батыр Бөлек жер жанаты Жетісуга ғана емес, кең байтақ қазақ еліне ортақ. Ендеشه кіндік қаны тамған ауылы мен ауданына сол кісінің атын беру — асқан адамгершілік емес пе! Ауылды „Ақши“ деп айқайлад, одан кейін „Жарсу“ қеңшары деп, жар салудың бүтінгі, одан кейінгі үрпаққа қандай мақтаныш, тәлім-тағлым?!

Осыдан жетпіс бес жыл бұрын ауданды „Еңбекшіқазақ“ деп атау — кезінде заманына сай келген де болар. Ал қазіргі қайта жаңарған дәуір талабына сай ма? Эріне, сай емес. Қазақ қашанға дейін еңбекші атанып жүре бермек?! Елін, жерін қорғаған батыр бабамыз қашанда қорған, мақтан емес пе? Ендеشه халық батырын нете мақтан тұттаймыз. Осы мәселе соңғы жылдары, әсіресе жергілікті баспасөзде қатты қозғалды.

Жазушы Жолдасбай Тұрлыбаев Райымбек батыр туралы жазған „Тамыз таңы“ атты тарихи романының „Маңызды мәслихат“ атты тарауында былай дейді: „Бұл жиынның үйітқысы — Төле, Қазбек, Әйтеке билер. Осында Қабат жырау, Қойайдар да, батырлардан Саурық, Бөгенбай, Қабанбай, Өтеген, Шалырашты Наурызбай, Хангелді, Аралбай бұлардан басқа да Оразтегі шешен, Бөлек, Үріскелді батырлар болды.

— Сол атақты қимай отырсындар, өздерің-ак, ала қойыңыздаршы. Билікті де, батырлықты да сіздерге-ак,

бердік. Мен атақсыз-әк ойраттармен соғысамын. Мақсатым — батыр атану емес, атамекеңді азат ету, іргесі бүтін ел болу, — Бөлек батыр Мергенбай би сөзіне шамдана жауап қайырды". — дейді.

Сол секілді Әбіш Кекілбаевтың „Үркөр" атты романында Әбілқайыр ханың ақ патшага жіберген елшілігінің ішінде Ұлы жұзден шапырашты Бөлек батырдың барғаны айтылады. Осындай тарихи деректер көп-ақ. Оны жинау, жазу, кейінгі үрнекқа өсист етіл қалдыру — бүтінгі толқынның міңдеті, парызы.

Жоңғар батыры Аңырақайдя 1729 жылы Аңырақай деп аталатын тауда Бөлек батыр жекпе-жекте өлтірген. Бөлек батыр бастаған қазақ жасақтары 1750 жылы жонғарларды Тұрпакнан асыра құған. Аңырақай тауы Жамбыл облысында әлі осылай аталады. Шапқыншы сол жауды жеңген өз батырымыз өз елінде атаусыз қалды деп айтута үят.

Жазушы Балғабек Қылдырбекұлы „Қазактың Қарасай батыры" атты жазбасында Бөлекті орны ерекше, көрнекі тұлға етіп көрсеткен. Сонау 1700—1785 жылдары жонғарға қарсы күресте шапырашты Наурызбай батыр мың басы болған. Мың басы — бас батырдың оң қолы.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде Бөлек батыр Іле өзенінің таяз жеріне шыбық қадап, белгі жасап, тұнде сарбаздарын арғы бетке өткізіп, жауға күтпеген жерден шабуыл жасайды екен. Іле өзенінің су астында жерден қазылған өткелі болған деген әңгіме де бар. Оны да пайдаланып, жауға үримтал жерден ойран салады екен.

Қалмақтың қырық мың қолының 25 мыңы сол кезде Хан тауда жатады. Қазақтар соларға қарсы аттанады. Бүкіл Шу аңғары адамға толып кетеді. Бұл үрыс шешуші болмақ. Егер осы үристің қазақтар жеңсе — онда қалмақтың құруының басы болмақ. Үристің бастамас бурын қазақтың жиырма алты батырын шақырып, үрыс тәртібін батырлар кеңесіне салады. Жасы үлкен Сатайдан басқаның бәрі жекпе-жекке шығатын болды. Үрыс үстінде тек қара күш емес, әдіс-айланы пайдалануды, найзага қарсы қылыш шабу, қылышты найзамен қағу, қалқанды пайдалану, әйтеуір қарудың қайсысы болса да, қолдану керектігі әңгімеленеді. Көпшілік ең алдымен Сатайұлы Бөлек шықсын деп шешеді. Егер Бөлек жеңіліп қалса, Олжабай шықпак. Бұл пікірді Төле би мен Қазыбек би де құптайды.

Ертеңіне қалмақ сарбаздары Далатаута қарай сап түзейді. Алғашқы жекпе-жек. Қазақтардың Бөлекті

бірінші болып жекле-жекке шығару себебі — алғашқы ұрыста қайткенде жену керек. Ұлken ұрыс тағдыры осы бірінші жекле-жек арқылы шешілмек. Бөлек жас. Күш-куаты қайтпаган. Оның үстіне ат үстінде ойнақ салуды әбден менгерген шабандоз. Аттың мына бауырынан тусіп, ана бауырынан шығу оған түк емес. Шауып бара жатып бір аттан екінші атқа секіріп мінеді, құтыншыға ат үстінде теріс қарап отырып-ак садак, атады, найза лақтырады. Екі қолы да қарулы. Қара күш иесі Наурызбай оның тақымынан көкпарды тартып ала алмайтын. Садақты екі қолымен бірдей тартатын. Эсіресе, өндіршектен ұрган найзасы жаза кетпейтін. Дәл тиетін. Осындай ерекшелігін ескерген алқа мүшелері оны жи-ырма алты батырдың ішінен жекле-жекке бірінші болып шығуға үйғарады.

Қалмақ батырлары ішінен Аңырақай даңқты. Сол Аңырақай шығатын болады. Екі жақтың елшілері келіп, соғыстың қалай жүретініне келіседі. Бұл сәске түс болатын. Түске таман Далатау адырының терістік батыс жағы қалтаган қалың сарбаздарға толады. Ары жағы қалмақтар. Бергі жағы қазақтар. Бәрі шоғырланып, топтанып түр. Шарт белгі бойынша басына қыл байланған байрак, көтеріледі.

Қалмақ жағынан Аңырақай көрінеді. Астында ұзын жал торысы. Аңырақай — ежелден аты шұлы батыр. Қалмақтарда онымен күш санасып, тең түсер ешкім жоқ. Талай жекле-жектің туын желбіреткен сайып қыран. Іштей тынып, тұнжыраган қалың қол. Бәрі үнсіз. Сатай батыр: „А-құдайлап”, мазасызданады. Албан Хан-гелді батыр Сатай жанында, оған дем беріп, жұбатумен болады.

Бөлектің мінгені қамшы салдырмайтын шабдар жорға. Иесінің ынғайына қарай жүріп үйренген. Қыбыр еткенінді қалт жібермейтін жануар. Бөлек шойынданы нық. Тіпті, үш қабат тор көз сауытын да шешіп тастаған. Найзасы жерге қадаулы. Бар қаруы қолындағы қолақпандай шоқлар ғана. Оның мұнысына таңданбаған жан жоқ. Бөлектің сауытын шешіп, ат үстінен лақтырып тастағанына қалмақтар да аң-таң. Бұрын-соңды мұндаиды көрмегендер бір-біріне қарап, бас шайқасады. Бөлек жекле-жекке емес, деп бір ат үстінде ойын көрсетуге шығатында. Не өзім өлем, не оны өлтірем-ау дегендей қорқыныш үрей жоқ. Шабдар жорғасын еркіне жіберіп, өзі ортада. Қазақ батырының мына қызығына қалмақтар қанжардай сұстана қарап қалты.

Бөлек батыр қалмақтың бас батыры Аңырақайға дәп бір сәлем бергелі тұргандай, бейқам. Оның мұнысын сезбей тұрган қалмақ жоқ. Бөлекті өзіп күттірмей қалмақ, батыры Аңырақай да торысын ойнақтатып ортаға шықты. Екі батыр бір-бірінсі арыстанша атылды, Шоқпарға шоқпар тиіп, от шашты. Тағы бір бетпе-бет келгенде Аңырақай батыр наизамен кезенеді. Бөлек оны дарытпайды, жердегі шашулы наизасын жұлдып алды. Тағы да аңдыс, тағы да шайқас. Қас қаяым сөтте Бөлек жауының наизасын қағып түсіреді. Қолындағы қаруынан айрылған Аңырақай жанталасып, қылышын суырады. Сол кезде, ғажап, Бөлек жым-жылас жоқ бол кетеді. Шабдар жорға ойқастап Аңырақайдың арт жағынан шығады. Қалмақ батыры аң-таң. Бөлек болса, ат бауырында. Аңырақайды тізеден салып өтеді.

Бөлек батыр енді Аңырақайдың сол жағынан шыға келіп, оны тағы да салып өтеді. Қалмақ батыры не болғанын білмейді. Есі ауып, ат жалын құшады. Енді оның қайтіп орнынан тұрмасын көрген Бөлек батыр ойқастап шыққан иесіз тұлларды өз жетегіне алып, тартып тұрады.

Екі жақ, та у-да шу. Біреулері қуаныштан, екіншілері іреніштен. Бас батырынан айрылған қалмақтардың сағы сынбай қайтсін? Ешкімнен жеңілмейтін, ешкімнен қорықпайтын Аңырақайдың ат жалын құшып, мұрттай ұшуы бүкіл қалмақты құңғентіп-ак, жіберген еді. Бұған дейін Далатай аталып келген бұл жер сол құннен бастап Аңырақай аталауды. Далатай, Аңырақай тарихы осылай.

Өз-өздеріне әзер келген қалмақтар екінші жекпе-жекке Жадамба деген батырын шығарады. Оған қазактар Олжабай батырын қарсы қояды. Батырлар әдетте қос-қостан ат мінетін. Өйткені, қанша мықты дегенмен шешуші ұрыстарда кез-келген аттың белі шыдамай сыр беріп қалатын. Ат шалдықса, батырға қауіп. Содан да барлық батырлар жекпе-жекке қос атпен шығатын. Бұл жолы Олжабай олай етпеді. Жан серігі Қарагерін мініп шықты. Жадамба батыр бірден наиза сайыспен бастап кетті. Бір-біріне қарсы шауып, наизаларымен нажағай ойнатты. Э дегеннен-ак қалмақ батыры айлалы көрінді. Найза сілтесіне кез ілеспеді. Қарсыласын састьрып-ак таstadtы. Олжабай да есесін жіберіп жатқан жоқ. Тірессе тіресіп, шабысса-шабысып, жан аямай жауын тез-ак жер жастандырсам дейді. Қалмақ, міне, ат үстінен сыптырылып түсті. Олжабайдың оны ат бауырына алуына болатын-ак еді. Бірақ, ол ейтпеді.

Атына мінгуте мүмкіншілік берген Олжабайға Жадамба наиза лақтырды. Олжабай қалқанын тосып ұлгерді. Қылышымен наизаны қақ бөлді. Қалмақ жағының үрейі үшты. Жадамба жерге отыра кетті. Қаракер атын ойнақтатып, Олжабай оған төніп келді. Қылышпен басын шаплады. Мұны көріп тұрган қазақтар қиқута басты. Намысы қорланып, амалы құрыған қалмақ батыры ат үстіндегі Олжабайға жарапы жолбарысша атылды. Сол кездे ғана оның басы жерге допша домалады, шоршып түсті. Сөйтіп, Бөлектен кейінгі екінші жеңіс Олжабайдықі болды. Бұл кезде күнде ұясына қоралана бастаған-ды.

Ертеңінде жекпе-жек тағы басталып, он бір күнге созылады. Он бір күнде жиырма тоғыз қалмақ, батыры өлді. Бөлек батыр бастап берген жеңіс аяғына дейін тек жеңіспен жалғасып жатты.

Текениң төрт баласы — Сарыбай, Қара, Ырысбай, Шақа осында дедік. Осы ауылдағы ауызбірлігі ұзақ сақталған — Ырысбай туқымы. Ырысбайлар көп. Аға баласы аталмаса да, береке, ырыс, дәулеті дүркіреген, дастарқаны мол, пигылы кен, ниеті ақ үрпақ. Эсіресе бауырмашыл. Оларда үлкендер сыйлау, алдыңғы ағалар алдынан қия өтпеу жақсы дәстүрмен жалғасып келеді. Сондықтан басқаларға үлгі. Олар — жеті атаны пір тұтқан, жеті атадан аспай құдаласпаған ауыл.

Солардың бірі — Керімжановтар әuletі. Қошықбай баласы Керімжан бес ағайынды. Үлкені осы — Керімжан, одан кейінгі — Элімқожа, Сарғожа, Құлтай, Қарақожа. Керімжаннан үрпақ көп. Оның ең үлкені Мұхамеди Ұлы Отан соғысынан оралмады. Бірақ артында Жауынгер деген үл қалды. Одан кейінгі екінші ұлы — Мажан. Мажанды бүкіл ауыл, аудан құрметтеген азамат. Мамандығы орта буын агроном. Мажан колхоз кезінде звено жетекшісі, совхоз кезінде бригадир болды. Ат белінен тұспейтін белсенді атанған. Басшымын деп бақырмайтын, қайта кіші пейіл, ашық та жомарт болатын. Үйінен қонақ үзілмейтін, дастарқаны жиналмайтын. Өзі тұтығып, кекештене сөйлегенімен ән салуга келгенде мұдірмейтін. Бір қасиеті өле-өлгенше жауырыны жерге тимеген балуан еді. „Асы“ жайлауында өтетін шопандар тойына Еңбекшіқазак, Шелек, Талғар аудандарының малшылары жиналатын. Олар өз балуандарын ортага шығарып, куресін тамашалаушы еді. Сонда да Мажанды ешкім жыға алмайтын. Бас бәйге Мажанға берілгенімен, ол сый басқаларға бүйіраратын. Аңқылдақ, балуан олжасын көңілі түскенге ұстата салатын.

Сол Мажанның үлкен қызы — Бақыт, одан кейінгі үлдары Мурат, Мақсұт, Талғат. Олар жеті атасын былай атайды: әкеміз — Мажан, ол — Керімжан баласы. Керімжан Қошықбайдан туган. Қошықбай Үйрысбайдан. Үйрысбай Дәулетбайұлы. Дәулетбай — Текеден. Теке — Көрпеден тарайды. Көрпе — Батырдан. Ал Батыр — Байбагыс баласы. Байбагыс — Асылдан. Асыл — Желді. Одан — Шам. Шамнан — Шапырашты деп саусақтап санаң береді. Демек, жеті атасы ғана емес, он төрт атаны білгені.

Осы үлкен отбасы кешегі жас келіні — Құлсара бүтін ардақты ана, абзал абысын, әрі қолы мен шиғының кең әже. Бұл жанұяның үлкен шаңырағын ауылдағылар отау үй дейді. Орынды. Біздің үшінші атамыз Қошықбайдан — Керімжан, Әлімқожа, Сарғожа, Құлтай, Қарақожа болып бес атаға бөлінген, олардың көбі осы Бөлек батыр ауылсында. Олар да бір көше. Керімжан атанды Мажаннан кейінгі баласы — Нұрқадір. Бір кіндіктен тараган көп үрпақтар. Бәрі: „Біз Қошықбай әuletіненбіз“ деп орынды мақтанады. Керімжан атанды сол шаңырағы — отау үй. Келін осында түсіріледі. Той осында өтеді. Не болса да, әйтеуір бәрі осында жиналады, ақылдасады, үйымдаса отырып бәрі де бірге мәселе шешеді, әр атқарады. Бөлек батыр бабамыздың аруағы осы шаңыраққа дарыған, оның қуат-күші Мажан ағаға қонған деп білеміз. Сол Бөлек батыр аруағы үш ғасырға жақын мезгілде, егеменді ел болғанымызға бесінші жыл толғанда, 1996 жылы Қайта жаңғырды. „Жарсуз“ кеңшары тарады, „Бөлек“ акционерлік қорамы аталды. Бүтіндер осы баба атымен аталған ауыл, оның үрпақтары батыр рухынан жігер, қайрат алуда. Ол — үрпақтарына таусылмас азық, қуат, мәңгі есім, мәңгі мұра.

БАЙТОРЫ БАБА

Айғақтаған айыбын адал ардың
Тұлғаларым тұрганда, табалар кім?
Келер үрпак кешпейді, егер бүгін
Тірілтесек рухын бабалардың!
Батыр баба Байторы — аты аңыз,
Ерлігін көп жырлаған ақын-абыз.
Жаңқанайда үрпағы берер асқа
Тағзым етіп қайтуға шақырамыз.

Үрпактары

Ұлы жүздің белді аталарының бірі — шапырашты. Шапыраштының жетінші баласы — Дәулетбай, Сатай. Сатайдан Батыrbай, одан Байторы баба туады. Байторы әрі батыр, әрі әулие болған. Елдің тыныштырын, берекесін, жердің иелігін сақтаған. Ертедегі сол ерлердің ерлігі ел аузында аңыз болып, үрпақтан-үрпаққа айтылып келеді.

Шапыраштының ата-мекені Жетісу өңірінің оңтүстік шығыс жағы болса керек. Шапыраштының бір баласы Теке қонысын Ұлы жүздің жалайыр, дулат, суан, рула-рына тастап, қоныс беріп, өздері Алатау бектеріне көшіл кеткен.

Ата қонысты, ондағы аруақты ата-бабаны енді іздей бастаған бүтінгі үрпак „ештен кеш жақсы“ деп, тәуелсіздікке тәуба деуде. Еңбекшіқазақ ауданы Ленин атындағы ұжымшардың директоры Абыхан Жексенбеков, осы аудандагы Талдықұлақ ауылының белді азаматтары Қөлбай Молдахметов, Мұқан Іімтонов, Кеңес Шалғынбаев және Алматы қаласындағы бір топ азаматтар мен Талгар ауданындағы Сәрсебек Тілеубаев, Әуесхан Эбілханұлы Жаңашев бастаған ел ағалары 1995 жылы Байторы бабаларының, Қоянкөз аналары-

ның кесенесін іздел тауып, онда құран оқып, құрбан шалды. Жетісудағы суан, дулаттан тараған үрпақтар бұл киелі күмбезді көздің қарашығындаі сақташ, әрі оған та-бынып келген. Іздел келген ата-баба үрпақтарын құтпақ жая қарсы ала отырып, бауырымдап көріскен. Содан бері екі ел арасындағы байланыс үзілмеген. Ауыл ағаларының бұл бастамасын қуаттаған екі облыстың және соларға қарайтын бірнеше ауданың әкімдері де бас қосып, баба басына күмбез орнатып, үлкен асты қоқтем егісі аяқталар 1996 жылдың мамыр айында беруге мәмлеке келеді.

Ата-баба аруағын сыйлаған мұндай иғлікті істеп құлақдар болған жүртіштық үнсіз жатсын ба! Еңбекшіқазақ ауданы мен Алматы қаласындағы көзі ашық, кекірепі ояу азаматтардан арнағы комиссия құрылған. Олар ас рәсімін үйымдастыруға, күмбез орнатуға белсене ат салысқан. Жүрт та жұдырықтай жұмылған. „Көп түкірсе көл“ деген емес пе, Абыхан Жексенбеков, Кеңес Шымғанбаев секілді жомарт жандар жұз мың теңгеге дейін қаржы аударған.

Шалырашты руының теке және төлеміс болып екі атага бөлінетін үрпағының Төлеміс балалары Қаскелен, Ұзынағаш жағында. Ал теке елі — Еңбекшіқазақ, Талғар ауданында. Сол текенің бір баласы — Сатай дедік. Сатайдан Батыrbай, одан Байторы, одан Элі және Мұсірәлі туады. Элден алты бала, Мұсірәліден тоғыз бала өрбиді. Мұсірәлінің тұңғыш баласы Бекбаудан бүтінгі игі бастаманы көтеріп жүрген — Мұқан, Қөpbайлар. Ал Мұсірәлінің алтыншы баласы Елқондыдан Қозы, одан Ебей, одан Күдербай, одан Түменбай, одан Аманбай, одан Абыхан Жексенбеков тұған. Сол ауыр жүкті арқалаған Абыхан Жексенбеков осы рәсімнің негізгі үйтқысы атанды.

Мамыр айының тамылжыған жайма шуак, ашық күнінде Талдықорған жақтағы Сарыөзек ауылына қарай шұбырған автомашиналар Байторы бабаның кесенесіне қарай бет түзеді.

Шоқан Үәлиханов күмбезі алыстан мен мұндалап, қалың ағаш ішінде дара көрінуде. Жиһанкөз Шоқан сүйегі жатқан қабірге бас ие отырып, оның мұражайын аралап көрдік. Іле Алатауының Малайсары және Шоқпар сілемі болып бөлінетін екі таудың оргасындағы кең жазықты Байторы өзені кесіп етуде. Байторы бабаның бұрынғы кесенесі Матай тауының биік шоқысынан ежелден айқын көрінетін.

Осындағы үлкен елді мекен Байторы бабаның атымен аталыпты. Бұрын колхоз болып, Кербұлақ ауданындағы белді шаруашылық атаптаған көрінеді. Кілең еңсөлі ақ үйлер. Кең көше асфальтталған. Ауыл түрғындары құлақтар болса керек, қарттарынан бастап, бала шағасына дейін көшеге шығып, „ниеттерің қабыл болсын“ деумен бас изесіл, қол бұлғауда.

Бұл жақ жоталы қырат. Бел-белес. Төрт тұліктің талтырмас нағыз өрісі. Соған қарағанда ауыл шаруашылығы ішінде мал шаруашылығы басым ба деп ойладық. Жер, егістік, шабындық, суармалы емес. Жаңбыр сұына табынуда. Таудан сарқырап аққан бұлақ — ауыз су. Есесіне жері от, құнарлы, шебі шүйгін. Киелі жер — Шаңқанай, одан әрі Алтынемел деп аталған.

Текеден — Байторы, Төлемістен — Дәулет тараған. Бұл кісілер замандағас болыпты. Өрісі, қонысы бір, жау шалқандагы ұраны — Қарасай! Дау туганда ел таңбасы — тұмар екен. Қызы — Шаңқанай да әулетті жан көрінеді. Сондықтан да бұл жазықты Шаңқанай деп атаған, оның жалғасы Алтынемелге дейін иек артып созылып жатыр екен.

Байторы бабаның кесенесі өзі аттас өзеннің күн шығыс жарында, биік шоқының басында. Етектегі тай шаптырым кең жазыққа ат басын тіредік. Өзен бойына жиналыш, жан-жақтан келгендер жапа-тармағай қазақ үйлерін тігіп, қазан көтерумен қауырт қарбалас жұмыс басталды. Қаз-қатар тізілген автомашиналар, салырылышқан жұртшылық.

Күн жұма болатын. Кешке қарай әр үйде қой сойылып, әр жерден қазан көтеріле бастады. Осында жұма намаз да оқылды. Қараңғы түскенше 33 қазақ үй тігілді. Кілең алты қанатты, ак шаңқай үйлер. Өзінше бір ауыл пайда болғаны. Еңбекшіқазақ ауданының әр шаруашылығы жеке-жеке үй тіккен екен. Соның ішінен сегіз қанатты ак үй алтын орда іспетті дара, ерекше. Сырты аппак. Қызыл құрма, оюолы есік. Негізгі үйдастыру басшылары осында жайғасқан. Қайда барсаң да абыр-дабыр, жылы жұзді жандар. Төрде жаюолы дастарқан. Далада домбырадан күмбірлеген күй, асқақ, ән естіліп жатыр. Тау үшін жаңғыртып, тылсым даланы әнге, сәнге бөлеуде.

Әр үйде Байторы бабаның аруагына бағышталып құран оқылды. Қарияларға бас тартылды. Талғар ауданды Мәдениет бөлімінің „Алатау аясында“ халықтық, ән-би ансамблі қазақ үй ішінде өз өнерлерін әр ауданың